

«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымы  
академиялық мәселелер жөніндегі  
Вице-проректорының  
2016 жылғы «09» желтоқсандағы  
№ 42-н/қ шешімімен бекітілген

«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымы  
Академиялық кеңесінің  
2016 жылғы «07» желтоқсандағы  
№ 62 шешімімен бекітілген

«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымы  
Басқарушы кеңесінің  
2016 жылғы «13» желтоқсандағы  
№ 13.12.2016 қорытындысымен  
мақұлданған

**«НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ  
ДАЙЫНДЫҚ МЕКТЕБІНЕ УНИВЕРСИТЕТ АЛДЫНДАҒЫ  
ДАЙЫНДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША  
ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

*(2017 жылдың 11 сәуіріндегі жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)*

## 1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Дайындық мектебіне Университет алдындағы дайындық бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мыналарға:

1) «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы Заңына;

2) Жоғары Қамқоршылық кеңестің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жарғысына;

3) Жоғары Қамқоршылық кеңестің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» Стратегиясының негізгі бағыттарына сәйкес әзірленген

және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Дайындық мектебіне оқуға алу үшін талапкерлердің конкурсын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар және қысқартулар:

1) **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы;

2) **Британдық кеңес** (British Council) – Ұлыбритания Біріккен корольдігі мен Солтүстік Ирландияның мәдени байланыстар және білім беру мәселелері жөніндегі халықаралық ұйымы;

3) **Университет сайты** – Университеттің интернет ресурсы, [www.nu.edu.kz](http://www.nu.edu.kz);

4) **Университет алдындағы дайындық бағдарламасы** – Университеттің бакалавриат бағдарламасына түсуге арналған Университеттің Дайындық мектебінің біржылдық жеделдетілген университет алдындағы дайындық курсы;

5) **Университеттің Дайындық мектебі** – негізгі мақсаты Университет алдындағы дайындық бағдарламасын жүзеге асыру болып табылатын Университеттің академиялық бөлімшесі;

6) **APTIS** – Британдық кеңес әзірлеген және әкімшілендіретін, ағылшын тілі бойынша білім деңгейін анықтау жөніндегі тест;

7) **IELTS** (International English Language Testing System – ағылшын тілі бойынша Халықаралық тестілеу жүйесі) – Британдық кеңес, Кэмбридж Университеті ESOL және IDP Education Pty Ltd әкімшілендіретін, ағылшын тілі бойынша білім деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

8) **NUFYP Entrance Test** – Кэмбридж Университетінің ағылшын тілін бағалау жөніндегі кеңесімен (The University of Cambridge English Language Assessment) ынтымақтасып әзірленген «математика» пәні бойынша және келесі пәндердің бірі: «физика», «биология/химия», «ойлау дағдылары» бойынша стандартталған оқуға түсу тесті;

9) **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language – Шет тілі ретінде ағылшын тілі бойынша халықаралық тест) – Educational Testing Service (ETS) (Принстон, Нью-Джерси, АҚШ) әзірлеген, форматтарының бірі TOEFL iBT (Internet-based Test) және TOEFL PBT (Paper-based Test) болып табылатын, ағылшын тілі бойынша білім деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

10) **Қабылдау комиссиясы** – Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылдау жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында құрылған Университет жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

11) **талапкер** – осы Қағидаларда көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес келетін және конкурсқа қатысушы Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адам;

12) **жеке кабинет** – тіркелгеннен кейін талапкерге Университет сайтында жеке кеңістік беретін дербес online сервис;

13) **тыңдаушы** – осы Қағидаларда көзделген конкурстың барлық кезеңдерінен ойдағыдай өткен және Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығына сәйкес Университеттің Дайындық мектебіне оқуға алынған талапкер;

14) **алдын ала оқуға алу** – талап етілетін қабылдау емтихандары бойынша барынша жоғары балл алған талапкерлерді аралық оқуға алу;

15) **апликациялық нысан** – жеке кабинетте орналастырылған, Университет алды дайындық бағдарламасына түсуге арналған өтінім-сауалнама;

16) **талапкердің қосымша сауалнамасы** – талапкер конкурстың алғашқы үш кезеңінен ойдағыдай өткенінен кейін толтыратын, нысаны Қабылдау комиссиясы бекіткен соң жеке кабинетте орналастырылатын сауалнама;

17) **оқуға алуға келісім нысаны** – талапкерлер Университеттің Дайындық мектебіне оқуға алынғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін толтырылатын және қол қойылатын нысан.

*2-тармақ Академиялық кеңестің 2017 жылғы 5 сәуірдегі №75 шешіміне сәйкес және Провосттың 2017 жылғы 10 сәуірдегі №13-н/қ бұйрығымен 18)-21 тармақшалармен толықтырылған*

18) **мектеп** – бакалавриат бағдарламаларын іске асыратын Университеттің мектебі;

19) **ACT** (ACT – American College Testing) АҚШ университеттері қабылдау емтихандары ретінде танитын орта мектеп оқушыларының үлгерімін бағалайтын стандартталған тест. Тестіде ұзақтығы 30 минут жазу дағдыларын бағалайтын қосымша бөлім көзделген (жазуды бағалау нәтижелерімен ACT);

20) **SAT Reasoning Test** (Академиялық қабілетті анықтауға арналған емтихан) – АҚШ жоғары оқу орындарына қабылдауға арналған стандартталған тест. Тест студенттердің жоғары оқу орындарына дайындығын бағалауға арналған. SAT Reasoning Test үш бөлімнен тұрады: математика, мәтінді талдау және жазу;

21) **SAT Subject Test** (Пәндік тест) – АҚШ жоғары оқу орындарының бакалавриат бағдарламасына түсуге арналған студенттердің белгілі бір пәндерді зерделеу қабілетін бағалауға арналған стандартталған тест. Бес пән бағыттары бойынша 20 пәндік тестілер бар: ағылшын тілі, тарих, тілдер, математика, және жаратылыстану ғылымдары.

## 2-тарау. Қабылдау шарттары мен тәртібі

3. Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4. Конкурсты өткізу және құжаттарды қабылдау мерзімдерін Университеттің Қабылдау комиссиясы бекітеді және Университеттің сайтында жариялайды.

5. Конкурсқа мына санаттарға сай келетін талапкерлер қатыса алады:

1) орта білім беру ұйымдарының бітіруші сыныптарының оқушылары болып табылатын адамдар;

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарының соңғы курстарында оқитын адамдар;

3) орта білімі, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар адамдар.

6. Талапкерлерді конкурстық іріктеу үш кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезең – APTIS тесті;

2) екінші кезең – NUFYP Entrance Test пәндік тесті;

3) үшінші кезең – IELTS тесті;

4) төртінші кезең – Қабылдау комиссиясының талапкерлердің құжаттарын қарауы.

Университет емтихандардың өтетін орны мен уақытын белгілейді, ол туралы талапкер оның жеке кабинетінде көрсетілген электронды поштасы арқылы хабардар етіледі, сондай-ақ ақпарат Университет сайтында жарияланады.

7. Конкурстың нәтижесі бойынша апелляцияда қарау рәсімі көзделмейді.

8. Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша APTIS, NUFYP Entrance Test және IELTS тестілері бірнеше жинақталып жүзеге асырылуы мүмкін.

9. Осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, APTIS, NUFYP Entrance Test және IELTS тестілері Университет қаражаты есебінен өткізіледі. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру үшін талапкердің аппликациялық нысанды толтырғаны үшін тіркеу жарнаның мөлшері Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

### **3-тарау. APTIS, NUFYP Entrance Test және IELTS тестілерінің қысқаша сипаттамасы**

10. APTIS 3 модуль – оқу, грамматика және лексика бойынша әрбір тапсырмаға жауаптардың нұсқалары бар 75 тест тапсырмаларынан тұрады. APTIS ұзақтығы - 55 минут.

APTIS тест тапсырмаларының саны мен ұзақтығын тестінің әкімшісі өзгертуі мүмкін.

APTIS бойынша ең төменгі өту деңгейі 50%-дан кем емес дұрыс жауаптарды құрайды.

11. Талапкер Университет алдындағы дайындық бағдарламасын бітіргеннен кейін оқуды жалғастыруын жоспарлайтын, таңдап алған мектебіне байланысты NUFYP Entrance Test осы Қағидалардың 34-тармағына сәйкес

келесі екі пән бөлімдері бойынша өткізіледі: «математика», «физика», «химия/биология», «ойлау дағдылары».

Әрбір пән бөлімі 30 тест тапсырмасынан тұрады. Әр пән бойынша тестілеудің ұзақтығы - 60 минут.

NUFYP Entrance Test стандартталған бағалау шкаласының ауқымы әр пән бөлімі бойынша 0-ден 120 балға дейін болады. Ең төменгі өту деңгейі 2 (екі) пән бөлімі бойынша жиынтығында кемінде 120 балды құрайды, бұл ретте пән бөлімдерінің әрқайсысы бойынша өту балы кем дегенде 50 балл болуы тиіс.

12. IELTS 2 бөліктен тұрады: жазбаша және ауызша. IELTS-тің жалпы ұзақтығы - 2 сағат 54 минут.

IELTS тест тапсырмаларының саны мен ұзақтығын тестінің әкімшісі өзгертуі мүмкін.

IELTS-тің жазбаша бөлігі 3 модульден тұрады – аудирлеу (Listening), оқу (Reading), жазу (Writing). Бұл үш модуль (Listening, Reading және Writing) бір күнде өткізіледі.

Аудирлеу (Listening) 4 секциядан тұрады, барлығы 40 сұрақ. Ұзақтығы - 30 минут. Жазбаларды тыңдау аяқталғаннан кейін талапкерлерге емтихан парағына жауаптарды жазу үшін қосымша 10 минут беріледі.

Оқу (Reading) 3 секциядан тұрады, 40 сұрақ. Ұзақтығы - 60 минут.

Жазу (Writing) 2 тапсырмадан тұрады. Ұзақтығы - 60 минут.

IELTS-тің ауызша бөлігі 1 модульден тұрады – ауызша сөйлеу (Speaking). Ауызша сөйлеу модулі (Speaking) сол күні өткізілуі немесе басқа үш модульді тапсырған күнге дейін немесе одан кейін жеті күн ішінде кез келген күнге ауыстырылуы мүмкін.

Ауызша сөйлеу модулі (Speaking) үш бөліктен тұратын, оқытушымен (емтихан алушымен) сұхбаттасу болып табылады. Сұхбаттасудың ұзақтығы - 14 минут.

IELTS бойынша ең төменгі өту балдары осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген.

#### **4-тарау. Қабылдау комиссиясы**

13. Қабылдау комиссиясының негізгі міндеттері:

1) Университеттің Дайындық мектебіне Университет алдындағы дайындық бағдарламасына талапкерлерді қабылдау процесінің мәселелері бойынша Университеттің Қабылдау департаментімен өзара іс-қимыл жасау;

2) конкурстың кезеңдері бойынша талапкерлердің нәтижелерін қарау;

3) қабылдау және оқуға алу кестесін бекіту;

4) Университетке оқуға алуға ұсынымдар беру;

5) талапкерлердің қосымша сауалнамасы, талапкерлерге хабарлама-хаттардың нысандарын және оқуға алуға келісу нысанын бекіту;

6) ағылшын тілі бойынша сөйлеу дағдыларын бағалауға арналған TOEFL PBT сертификатын ұсынған талапкерлермен сұхбаттасу жүргізу;

7) осы Қағидаларда көзделген негізгі қызмет үшін қажетті өзге де функцияларды жүзеге асыру.

14. Қабылдау комиссиясының құрамы мен хатшысы Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

15. Қабылдау комиссиясының құрамында Қабылдау комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары мен хатшысы белгіленеді. Қабылдау комиссиясының құрамына Дайындық мектебінің және Университеттің басқа да мектептерінің ұсынымдары бойынша Университет мектебінің/мектептерінің өкіл(дер)ін қоса алғанда, Университеттің әріптес жоғары оқу орнының өкілі(дері) кіруі мүмкін. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің саны кем дегенде 5 адамды құрайды.

16. Қабылдау комиссиясының төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттігін төрағаның орынбасары атқарады.

17. Қабылдау комиссиясының хатшысы Университеттің Қабылдау департаменті қызметкерлерінің арасынан тағайындалады. Хатшының дауыс беру құқығы жоқ.

18. Университеттің Қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастырады және жоспарлайды.

19. Қабылдау комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай төрағаның немесе төраға орынбасарының басшылығымен өткізіледі. Қабылдау комиссиясының кворумы, егер отырысқа Қабылдау комиссиясының құрамынан кемінде 3 адам қатысса, заңды болып саналады.

20. Қабылдау комиссиясының мүшелеріне отырыс кезінде талапкерлердің тізімі конкурс кезеңдерінің нәтижелерімен қоса беріледі. Талапкерлердің жеке істері Қабылдау комиссиясы мүшелерінің сұрауы бойынша берілуі мүмкін.

21. Қабылдау комиссиясының шешімдері қатысып отырған Қабылдау комиссиясы мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Қабылдау комиссиясының әрбір мүшесі 1 дауысқа ие болады. Дауыстар тең болғанда Қабылдау комиссиясы төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

22. Қабылдау комиссиясының мүшелері электронды пошта, бейне-конференциялар немесе басқа да интерактивті коммуникация түрлері арқылы отырыстарға қатысуға, дауыс беруге және шешімдер қабылдауға құқылы. Осы коммуникация құралдарының көмегімен қатысу кворумды және шешім қабылдау үшін қажетті дауыстарды есептегенде ескеріледі.

23. Отырыстардың қорытындылары хаттамалармен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ресімделеді. Хаттамаға Қабылдау комиссиясының мүшелері, Қабылдау комиссиясының төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ Қабылдау комиссиясының хатшысы қол қояды және ол жариялауға жатпайды. Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамаларына осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілгендей қатысқан Қабылдау комиссиясының мүшелері қол қойып, хаттамалар Университеттің мекенжайына курьерлік пошта арқылы жіберілуі немесе қолма-қол берілуі тиіс. Қабылдау комиссиясы отырыстарының барлық хаттамалары тіркелуге, нөмірленуге және баулануға тиіс. Хаттамалар Қабылдау департаментінде тіркеліп, сақталады.

24. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің отырысқа қатысу тәсілі хаттамада көрсетіледі.

## 5-тарау. Конкурстық іріктеу кезеңдері

25. APTIS тесті Қазақстан Республикасының қалаларында қабылдау емтихандарын өткізу кестесіне сәйкес жүргізіледі.

26. Конкурстық іріктеу кезеңдерінен өтуге тіркелу үшін талапкерге:

*1) тармақша Академиялық кеңестің 2017 жылғы 5 сәуірдегі №75 шешіміне және Провосттың 2017 жылғы 10 сәуірдегі №13-н/қ бұйрығына сәйкес редакцияда жазылған*

1) Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген қайтарылмайтын тіркеу жарнасын алдын ала төлеп жеке кабинетте орналастырылған аппликациялық нысанды толтыру;

2) жеке кабинетте бітіретін сыныпта (курста) оқитынын растайтын, білім беру ұйымынан анықтаманың немесе қосымшасымен бірге аттестаттың / дипломның сканерленген көшірмесін орналастыру;

3) жеке кабинетте дербес деректерді өңдеуге қол қойылған келісімнің сканерленген көшірмесін орналастыру қажет.

27. Жалпы балы осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген талаптарға сай келетін, TOEFL немесе IELTS тапсырғаны туралы күші бар ресми сертификаттың көшірмесін ұсынған талапкерлер APTIS тестісінен өтуден босатылады.

28. APTIS тестісі өтетін күні, алдын ала тіркеуден өткен талапкерлердің өздерімен бірге жеке куәлігі немесе паспорты не болмаса, тууы туралы куәлігі немесе 16 жасқа толмаған талапкерлер үшін оқу орнынан фотосуреті бар анықтаманың түпнұсқасы болуы тиіс. Жеке басын куәландыратын жоғарыда көрсетілген құжаты болмаған жағдайда талапкер тестілеуден өтуге жіберілмейді.

29. APTIS бойынша тестісінің нәтижелерін әкімшілендіру мен өңдеуді Британдық кеңес жүргізеді. Британдық кеңес нәтижелерді Университетке жібереді.

30. Конкурстың бірінші кезеңінен ойдағыдай өткен талапкерлерді хабардар ету талапкердің электронды поштасына тиісті хабарлама жіберу және жеке кабинетінде ақпаратты жариялау арқылы жүзеге асырылады.

31. APTIS-ті ойдағыдай тапсырған талапкерлер екінші кезеңге қатысуға NUFYP Entrance Test пәндік тестісіне шақырылады.

32. NUFYP Entrance Test тестісінен өту үшін талапкерлердің өздерімен бірге жеке куәлігі немесе паспорты не болмаса, туу туралы куәлігі немесе 16 жасқа толмаған талапкерлер үшін оқу орнынан фотосуреті бар анықтаманың түпнұсқасы болуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген жеке басын куәландыратын құжаты болмағанда талапкер тестілеуден өтуге жіберілмейді.

33. Осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес APTIS тестісін тапсырудан босатылған талапкерлерге осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес тіркелген жағдайда NUFYP Entrance Test тестісін тапсыруға рұқсат етіледі.

34. Университет алдындағы дайындық бағдарламасын ойдағыдай бітіргеннен кейін оқуын жалғастыруды жоспарлап отырған, таңдап алынған

мектебіне байланысты талапкерлер NUFYP Entrance Test тестісін мынадай 4 (төрт) пәндер жұбын тапсырады:

- 1) Инженерия мектебіне немесе Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебіне түсу үшін «математика» және «физика»;
- 2) Ғылым және технологиялар мектебіне түсу үшін «математика» және «физика» немесе «математика» және «химия/биология»;
- 3) Медицина мектебіне түсу үшін «математика» және «химия/биология»;
- 4) Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебіне түсу үшін «математика» және «ойлау дағдылары».

Талапкер Университет алдындағы дайындық бағдарламасын ойдағыдай бітіргеннен кейін оқуын жалғастыруды жоспарлап отырған мектебін таңдауды осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес талапкердің жеке кабинетінде аппликациялық нысанды толтыру кезінде жүзеге асырады.

35. NUFYP Entrance Test тестісінің нәтижелерін әкімшілендіру мен өңдеуді Университеттің стратегиялық әріптесінің немесе Университетпен ынтымақтастықтағы университет және/немесе емтихан орталығының өкілдері жүргізеді.

36. Конкурстың екінші кезеңінен табысты өткен талапкерлерді хабардар ету талапкердің электронды поштасына тиісті хабарлама жіберу және жеке кабинетінде ақпаратты жариялау арқылы жүзеге асырылады.

37. NUFYP Entrance Test-ті табысты тапсырған талапкерлер үшінші кезеңге – IELTS тестісіне шақырылады.

38. Талапкерлердің өздерімен бірге жеке куәлігі немесе паспорты не болмаса, туу туралы куәлігі немесе 16 жасқа толмаған талапкерлер үшін оқу орнынан фотосуреті бар анықтаманың түпнұсқасы болуы тиіс. Жоғарыда аталған жеке басын куәландыратын құжаты болмаған жағдайда талапкер IELTS тестісінен өтуге жіберілмейді.

39. Талапкерлер Университеттің конкурстық іріктеуі шеңберінде IELTS тестісінен өткеннен кейін немесе оған дейін IELTS не TOEFL тестісінен өз есебінен дербес өтуге құқылы. Дербес өткен TOEFL немесе IELTS тестісінің күші бар ресми сертификаттарының көшірмелері Қабылдау комиссиясы белгілеген мерзімнен кешіктірілмей Университетке ұсынылуы тиіс. Бұл жағдайда Қабылдау комиссиясы үміткердің ең үздік қорытындысын қарайды.

40. Қорытындысы Университеттің конкурстық іріктеуі шеңберінде IELTS тестісінен өткенге дейін осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген, белгіленген ең төменгі балға сай келетін IELTS немесе TOEFL тестісін тапсыру туралы күші бар ресми сертификаттың көшірмесін ұсынған талапкерлер конкурстық іріктеудің үшінші кезеңіне қатыспауы мүмкін.

41. IELTS тестісінің нәтижелерін әкімшілендіру, бағалау және олар туралы талапкерлерге хабарлау IELTS қорытындыларын әзірлеуге және бағалауға уәкілетті мамандандырылған ұйымдарда жүргізіледі.

## **6-тарау. Тестілеуден өту талаптары**



42. Талапкерлер тестілеу әкімшілері бекіткен қағидалар мен рәсімдерде көзделген тестілеуден өту талаптарын сақтауға міндетті.

Тестілеуден өту талаптары Университеттің сайтында жарияланады, сондай-ақ тестілеу өткізілгенге дейін талапкерге электронды пошта арқылы жіберіледі.

43. Тестілеуден өтудің аталған талаптарын бұзған талапкерлердің қорытындыларын тестілеудің әкімшілері жояды.

Қорытындыларды жою талапкерді ағымдағы жылы конкурсқа қатысу құқығынан айырады.

44. Ағымдағы жылы қосымша қабылдау жүргізілген жағдайда Қабылдау комиссиясы осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес тіркеуден өткен, алайда бұған дейінгі конкурс кезеңдеріне құжаттармен расталған дәлелді себептер бойынша қатыса алмаған талапкерлерді келесі қабылдау конкурсына қатысуға жіберуі мүмкін.

### **7-тарау. Университеттің Дайындық мектебіне оқуға алу**

45. Конкурстың үш кезеңі аяқталғанда Қабылдау комиссиясы талапкерлерді алдын ала оқуға алуға ұсынады. Осы талапкерлердің электронды мекенжайына Қабылдау комиссиясының шешімі туралы хабарлама-хат жіберіледі. Оқуға алу талаптары хабарлама-хатта көрсетіледі. Алдын ала оқуға алуға ұсынылған талапкерлердің санын Қабылдау комиссиясы белгілейді.

Хабарлама-хатта көрсетілген оқуға алу талаптарын мерзімінде орындамау талапкерді осы Қағидаларға сәйкес конкурсқа қатысу құқығынан айырады.

46. Алдын ала оқуға алынған талапкерлер Университетке мынадай құжаттарды:

1) талапкердің толтырылған қосымша сауалнамасын;

2) жеке куәлігінің немесе паспортының не болмаса, тууы туралы куәлігінің нотариалдық куәландырылған көшірмесін немесе 16 жасқа толмаған талапкерлер үшін оқу орнынан фотосуреті бар анықтаманың түпнұсқасын;

3) жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі немесе жоғары білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының не қосымшасы бар халықаралық бакалавриат дипломының немесе бакалавр не маман дипломының (құжаттарды ұсынған сәтте болған жағдайда) нотариалдық куәландырылған көшірмесін.

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі немесе жоғары білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты не қосымшасы бар халықаралық бакалавриат дипломы немесе бакалавр не маман дипломы (құжаттарды ұсынған сәтте болған жағдайда) болмаған адамдар Қабылдау комиссиясы белгілеген мерзімдерде құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынады.

4) талапкер тестілеуден дербес өткен жағдайда күші бар IELTS немесе TOEFL сертификатының түпнұсқасын немесе TOEFL тесті әкімшісінің ресми сайтынан есептік жазбасы бар баспа көшірмесін (Қабылдау комиссиясы

белгілеген мерзімдерде TOEFL сертификатының түпнұсқасын кейіннен ұсына отырып);

5) Университетке ұсынылған жылдың 1 қаңтарынан кейін алынған 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;

6) Университетке ұсынылған күннен бастап бір жылдан ерте емес мерзімде жасалған флюорография түсірілімінің түпнұсқасын;

7) 063-У нысанындағы профилактикалық егулер картасының немесе егу паспортының көшірмесін;

8) оқу барысында соңғы 3 жыл ішінде алған сертификаттардың, мақтау қағаздары мен марапаттарының көшірмелерін, сондай-ақ бар болған жағдайда жеке жетістіктері туралы басқа да құжаттарды;

9) дербес деректерін өңдеуге қол қойылған келісімінің түпнұсқасын ұсынады.

Шет тілінде ұсынылған құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне аударылып, нотариалдық куәландырылған болуы тиіс.

Жоғарыда аталған құжаттардың біреуі немесе бірнешеуін ұсынбаған жағдайда талапкер Университеттің Дайындық мектебіне оқуға алынбайды.

Сонымен қатар, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар оқудың барлық кезеңі үшін жарамды медициналық сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің көшірмесін ұсынады.

Университетке ұсынылған барлық құжаттар қайтаруға жатпайды.

47. Көрінеу жалған немесе толық емес деректерді ұсыну конкурстан шығаруға немесе оқуға алынған жағдайда Университеттен шығаруға әкеп соғады.

48. Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылдаудың негізгі критерийлері:

1) осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген ең төменгі талаптарға сәйкес келетін NUFYP Entrance Test бойынша тестілеудің нәтижелері;

2) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген ең төменгі талаптарға сәйкес келетін IELTS және TOEFL нәтижелері болып табылады.

49. Университеттің Дайындық мектебіне оқуға алу конкурсын өткізу кезінде NUFYP Entrance Test бойынша тестілеудің неғұрлым жоғары жиынтық қорытындысына ие болған талапкерлердің басым құқығы бар.

NUFYP Entrance Test тестісінің қорытындылары тең болғанда IELTS немесе TOEFL бойынша жалпы балы неғұрлым жоғары болған талапкер басым құқыққа ие болады. IELTS және TOEFL бойынша жалпы балдарды салыстырғанда (конверсиялағанда) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес TOEFL бойынша жалпы балдар IELTS жалпы балдарына ауыстырылады.

IELTS және TOEFL бойынша жалпы балдардың нәтижелері тең болғанда мынадай басымдылықпен секциялар бойынша неғұрлым жоғары балдары болған талапкерлерге басым құқық беріледі: «жазу», «аудирлеу», «оқу», «сөйлесу бөлімі».

Жоғарыда аталған критерийлер тең болғанда Қабылдау комиссиясы басқа үздік академиялық, ғылыми-зерттеу, спорттағы және шығармашылық жетістіктері бар талапкерлерге (Алтын Белгі иегерлеріне, халықаралық және

республикалық пәндік олимпиадалардың және ғылыми-зерттеу конкурстарының жүлдегерлеріне, спорт және шығармашылық жарыстардың жеңімпаздарына) басым құқық береді.

50. Ағымдағы жылдың барлық қабылдаулары аяқталғанда (қосымша қабылдаулар жүргізілген жағдайда) конкурстық іріктеудің барлық кезеңдерінің нәтижелері және талапкерлердің құжаттарын қараудың қорытындысы бойынша Қабылдау комиссиясы үміткерлерді Университеттің Дайындық мектебіне оқуға алуға ұсынады.

Барлық үш кезеңнен табысты өту Университеттің Дайындық мектебіне оқуға алуға кепілдік бермейді.

51. Талапкерлерді оқуға алу осы Қағидалардың 49-тармағына сәйкес олардың қорытындыларының және осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарының негізінде осы Қағидалардың 34-тармағында көрсетілген NUFYP Entrance Test-тің әрбір пәндер жуптарына (математика/физика, математика/химия-биология, математика/ойлау дағдылары) Университеттің Дайындық мектебінде Қабылдау комиссиясы белгілеген орындар санына сәйкес жүзеге асырылады.

*52-тармақ Академиялық кеңестің 2017 жылғы 5 сәуірдегі №75 шешіміне және Провосттың 2017 жылғы 10 сәуірдегі №13-н/қ бұйрығына сәйкес редакцияда жазылған*

52. Оқуға алынғандардың қатарына кірмеген, алайда осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес оқуға түсу талаптарына сәйкес келетін талапкерлерден Қабылдау комиссиясы бекітетін, осы Қағидалардың 49-тармағына сәйкес резервтік тізім қалыптастырылады. Оқуға алынған талапкерлердің тізімінен орындар босаған жағдайда (оқуға қабылдаудан немесе оқудан бас тарту) резервтік тізімнен талапкерлерді Қабылдау комиссиясы осы Қағидалардың 46- тармағы 1)-9) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды Университетке ұсынғаннан кейін Университеттің Дайындық мектебіне оқуға алуға ұсынуы мүмкін..

53. Қабылдау комиссиясы отырысының қорытындысы бойынша талапкерлерге электронды мекенжайына қабылданған шешім туралы хабарлама-хат жіберіледі. Сондай-ақ талапкердің жеке кабинетінде тиісті ақпарат жарияланады.

54. Қабылдау комиссиясының ұсынысы бойынша қабылданған талапкерлер Қабылдау комиссиясы бекіткен оқуға алуға келісімнің тиісті нысанын Университетке жіберу арқылы Университеттің Дайындық мектебіне оқуға шақыруды қабылдауы немесе одан бас тартуы туралы ресми түрде хабарлайды.

*55-тармақ Академиялық кеңестің 2017 жылғы 5 сәуірдегі №75 шешіміне және Провосттың 2017 жылғы 10 сәуірдегі №13-н/қ бұйрығына сәйкес редакцияда жазылған*

55. Талапкерлерді Университеттің гранттарына оқуға алу Қабылдау комиссиясының ұсынымы, талапкерлер қол қойған оқуға алуға келісім туралы нысандар, сондай-ақ кепілдік жарна төлеу негізінде Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен ресімделеді.

Бұл ретте кепілдік жарна міндетті төлем болып табылады және талапкерге Университеттің Дайындық мектебі Университет алдындағы дайындық бағдарламасына орынға кепілдік береді.

Талапкерге Университет гранттарын беру Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Талапкерлерді ақылы негізде оқуға қабылдау осы Қағидалардың 7-1-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

*56-тармақ Академиялық кеңестің 2017 жылғы 5 сәуірдегі №75 шешіміне және Провосттың 2017 жылғы 10 сәуірдегі №13-н/қ бұйрығына сәйкес редакцияда жазылған*

56. Оқуға алынған тыңдаушылар Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіби немесе орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түпнұсқасын немесе халықаралық бакалавриат дипломын немесе бакалавр немесе маман дипломын қосымшасымен бірге Қабылдау комиссиясы белгілеген мерзімде ұсынады, сондай-ақ Университетте бекітілген нысан бойынша Университет алдындағы дайындық бағдарламасы бойынша білім беру қызметін көрсетудің тиісті шартына қол қояды. Тыңдаушылардың осы талаптарды орындамауы Университеттің Дайындық мектебінде білім алу, сондай-ақ бұрын төленген кепілдік жарнасын алу құқығынан айырады.

*Қағидалар Академиялық кеңестің 2017 жылғы 5 сәуірдегі №75 шешіміне сәйкес және Провосттың 2017 жылғы 10 сәуірдегі №13-н/қ бұйрығы бойынша 7-1 - тараумен толықтырылды*

### **7-1- тарау. Ақылы негізде білім алу үшін Университеттің Дайындық мектебіне оқуға алу**

57. Ақылы негізде білім беру үшін талапкерлерді таңдау бойынша Қабылдау комиссиясы қосымша конкурс жүргізеді.

58. Ақылы негізде білім беру үшін қосымша конкурсқа келесі санаттардың біріне жататын талапкерлер қатысуы мүмкін:

1) осы Қағидалардың 5- тармағында көрсетілген, осы Қағидалардың 5-тарауына сәйкес конкурстың кезеңдерінен өткен және осы Қағидалардың 52-тармағына сәйкес резервтік тізімге енгізілген санаттардың біріне сәйкес келетін тұлғалар;

2) осы Қағидалардың 5- тармағында көрсетілген, осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген ең төменгі талаптарға сәйкес нәтижелермен тестілерді дербес тапсырған санаттардың біріне сәйкес келетін тұлғалар.

59. Осы Қағидалардың 57-тармағының 1) тармақшасына сәйкес келетін талапкерлер осы Қағидалардың 46- тармағы 1) - 9) тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес Университетке құжаттарын ұсынады.

60. Осы Қағидалардың 57-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келетін талапкерлер осы Қағидалардың 46- тармағы 1) - 9) тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес Университетке құжаттарын және қосымша келесі құжаттарды ұсынады:

1) Жазбаша бөлімі бар SAT Reasoning Test немесе ACT қолданыстағы сертификатының түпнұсқасын, немесе кейіннен Қабылдау комиссиясы

белгілеген мерзімде сертификаттың қағаз тасығыштағы түпнұсқасын ұсына отырып, оның баспа электронды нұсқасын;

2) Осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген пәндер бойынша қолданыстағы SAT Reasoning Test сертификатының түпнұсқасын немесе кейіннен Қабылдау комиссиясы белгілеген мерзімде сертификаттың қағаз тасығыштағы түпнұсқасын ұсына отырып, оның баспа электронды нұсқасын ұсынады.

61. Көрінеу жалған және толық емес деректер беру конкурстан шығаруға немесе оқуға алынған жағдайда Университеттен шығаруға әкеледі.

62. Осы Қағидалардың 57-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген талапкерлердің санаттары үшін Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылдаудың негізгі критерийлері болып табылатындар:

1) Осы Қағидаларға 3- қосымшада көрсетілген ең төменгі талаптарға сәйкес немесе жоғары SAT және/немесе АСТ тестілерінің нәтижелері;

2) Осы қағидаларға 1- қосымшада көрсетілген ең төменгі өту балдарына сәйкес немесе жоғары IELTS немесе TOEFL тестілерінің нәтижелері.

63. Осы Қағидалардың 57- тармағы 2) тармақшасында көрсетілген талапкерлердің санаттары үшін SAT және/немесе АСТ стандартталған тестілерінің барынша жоғары нәтижелері бар талапкерлер артықшылық құқыққа ие болады. IELTS және TOEFL бойынша жалпы балдарды теңестірген (конверсиялаған) кезде осы Қағидалардың 2- қосымшасына сәйкес TOEFL бойынша жалпы балдар IELTS жалпы балдарына ауыстырылады.

IELTS немесе TOEFL жалпы балдарының нәтижелері тең болған кезде келесі басымдық: «жазу», «ауызша аудару», «оқу», «сөйлеу бөлімі» секциялары бойынша барынша жоғары балы бар талапкерлерге басым құқық беріледі.

Жоғарыда көрсетілген критерийлер тең болған кезде Қабылдау комиссиясы өзге де таңдаулы академиялық, ғылыми-зерттеу, спорт және шығармашылық жетістіктері бар талапкерлерге басым құқық береді (Алтын Белгі иегерлері, халықаралық, республикалық және пән олимпиадаларының және ғылыми-зерттеу конкурстарының жүлдегерлері, спорт және шығармашылық жарыстардың жеңімпаздары).

64. Талапкерлерді ақылы негізде оқыту үшін оқуға алу Қабылдау комиссиясының ұсынымы, талапкерлер қол қойған оқуға қабылдауға келісім туралы нысан, сондай-ақ кепілдік жарнаны төлеу негізінде Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен ресімделеді. Осы Қағидалардың 57- тармағы 2) тармақшасында көрсетілген, оқуға алуға ұсыным берілген талапкерлер Университет гранттарын беру конкурсына қатыспайды және ақылы негізде білім алу үшін ғана оқуға қабылданады.

65. Оқуға ақылы негізде қабылданған тыңдаушылар Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіби немесе орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түпнұсқасын немесе халықаралық бакалавриат дипломын немесе бакалавр немесе маман дипломын қосымшасымен бірге Қабылдау комиссиясы белгілеген мерзімге ұсынады, сондай-ақ Университетте бекітілген нысан бойынша Университет алдындағы

дайындық бағдарламасы бойынша білім беру қызметін көрсетудің тиісті шартына қол қояды. Тыңдаушылардың осы талаптарды орындамауы Университеттің Дайындық мектебінде білім алу, сондай-ақ бұрын төленген кепілдік жарнасын алу құқығынан айырады.

### **8-тарау. Қорытынды ережелер**

66. Осы Қағидалармен регламенттелмеген мәселелерді Қабылдау комиссиясы дербес шешеді.

---

**«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымының  
Дайындық мектебіне  
Университет алдындағы дайындық  
бағдарламасы бойынша  
оқуға қабылдау  
қағидаларына 1-қосымша**

**IELTS және TOEFL бойынша ең төменгі өту балдары**

	<b>IELTS</b>	<b>TOEFL iBT</b>	<b>TOEFL PBT*</b>
Инженерия мектебі, Ғылым және технологиялар мектебі, Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебі, Медицина мектебі үшін	6.0 (әрбір секцияда 5.0)	60-78 («оқу» секциясы бойынша 4-7; «аудирлеу» секциясы бойынша 4-6; «сөйлесу бөлімі» секциясы бойынша 14-15; «жазу» секциясы бойынша 14-17)	550 («оқу», «аудирлеу» секциялары бойынша 50; «жазу» секциясы бойынша 2; «сөйлесу бөлімі» секциясы бойынша Қабылдау комиссиясы белгілейді)
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі үшін	6.0 (әрбір секцияда 6.0)	60-78 («сөйлесу бөлімі» секциясы бойынша 18-19; «аудирлеу» секциясы бойынша 12-19; «оқу» секциясы бойынша 13-18; «жазу» секциясы бойынша 21- 23)	550 («сөйлесу бөлімі» секциясы бойынша 54; «аудирлеу» секциясы бойынша 53; «жазу» секциясы бойынша 3; «сөйлесу бөлімі» секциясы бойынша Қабылдау комиссиясы белгілейді)

\* IELTS және TOEFL өткізілмейтін елдерден келген шетелдік талапкерлерден ғана TOEFL PBT қабылданады.

**«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымының  
Дайындық мектебіне  
Университет алдындағы дайындық  
бағдарламасы бойынша  
оқуға қабылдау  
қағидаларына 2-қосымша**

**TOEFL/IELTS балдарын салыстыру (конверсиялау) кестесі**

<b>IELTS</b>	<b>TOEFL iBT</b>	<b>TOEFL PBT*</b>
5	35-45	500 – 529
5,5	46 – 59	530 – 549
6	60-78	550 – 573
6,5	79 – 93	574 – 599
7	94 – 101	600 – 629
7,5	102 – 109	630 – 647
8	110 – 114	648 – 657
8,5	115 – 117	658 – 670
9	118-120	671

\* IELTS және TOEFL өткізілмейтін елдерден келген шетелдік талапкерлерден ғана TOEFL PBT қабылданады.

---



*Қағидалар Академиялық кеңестің 2017 жылғы 5 сәуірдегі №75 шешіміне сәйкес және Провосттың 2017 жылғы 10 сәуірдегі №13-н/қ бұйрығы бойынша 3 - қосымшамен толықтырылды*

**«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымының  
Дайындық мектебіне  
Университет алдындағы дайындық  
бағдарламасы бойынша  
оқуға қабылдау қағидаларына  
3-қосымша**

Университет алдындағы дайындық бағдарламасына  
APTIS тестілерінен және NUFYP Entrance Test пән тестісінен өтпей  
ақылы оқуға түсу үшін конкурсқа қатысуға арналған  
**ЕҢ ТӨМЕНГІ ТАЛАПТАР**

(орта, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар тұлғалар үшін, сондай-ақ орта, техникалық және кәсіби немесе орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдардың бітіретін сынып оқушылары үшін)

<b>*Инженерия мектебі, Тау-кен ісі және Жер туралы ғылымдар мектебі</b>	<b>*Ғылым және технологиялар мектебі</b>	<b>*Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі</b>
<p><b>1) SAT Reasoning Test</b> 1530 (2016 ж.наурызына дейін), 1100 (2016ж. наурызынан бастап). Эссе міндетті болып табылады, – ең төменгі бал белгіленбейді. <b>немесе</b> <b>ACT with writing part</b> – жалпы балл (composite score) 22-ден кем емес. Бұл ретте, жазбаша бөлімге ең төменгі балл белгіленбейді;</p> <p><b>2) SAT Subject Test</b> - математика және физика, 550 әр пән бойынша;</p> <p><b>3) IELTS</b> - 6.0 (секциялардың әрқайсысы бойынша кемінде 5.0) немесе <b>TOEFL iBT</b> - 60-78, немесе <b>TOEFL PBT**</b> - 550 – 573 (әр секция үшін баллдар 1-қосымшада берілген)</p>	<p><b>1) SAT Reasoning Test</b> 1530 (2016 ж.наурызына дейін), 1100 (2016ж. наурызынан бастап). Эссе міндетті болып табылады, – ең төменгі бал белгіленбейді. <b>немесе</b> <b>ACT with writing part</b> – жалпы балл (composite score) 22-ден кем емес. Бұл ретте, жазбаша бөлімге ең төменгі балл белгіленбейді;</p> <p><b>2) SAT Subject Test</b> - математика және физика немесе химия және биология, 550 әр пән бойынша;</p> <p><b>3) IELTS</b> - 6.0 (секциялардың әрқайсысы бойынша кемінде 5.0)немесе <b>TOEFL iBT</b> - 60-78, немесе <b>TOEFL PBT**</b> - 550 – 573 (әр секция үшін баллдар 1-қосымшада берілген)</p>	<p><b>1) SAT Reasoning Test</b> 1530 (2016 ж.наурызына дейін), 1100 (2016ж. наурызынан бастап). Эссе міндетті болып табылады, – ең төменгі бал белгіленбейді. <b>немесе</b> <b>ACT with writing part</b> – жалпы балл (composite score) 22-ден кем емес. . Бұл ретте, жазбаша бөлімге ең төменгі балл белгіленбейді;</p> <p><b>2) IELTS</b> - 6.0 (секциялардың әрқайсысы бойынша кемінде 6,0) немесе <b>TOEFL iBT</b> - 60-78, немесе <b>TOEFL PBT**</b> - 550 – 573 (әр секция үшін баллдар 1-қосымшада берілген)</p>

*\*Талапкер Университет алдындағы дайындық бағдарламасын табысты аяқтағаннан кейін білім алуын жалғастыруды жоспарлаған Университеттің Мектебі*

*\*\*TOEFL PBT оларда ресми IELTS және TOEFL iBT жүргізілмейтін елдерден келген шетелдік үміткерлерден ғана қабылданады*